

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ

№ 2 СӨЖ

Пәні Қазақ тілі

Тақырыбы Қазақстаным алтын бесігім

Мамандығы РЭТ

Орындаған Исмаилов А. Т.

Қабылдаған Бейсекенова А. С.



Павлодар қаласы

Павлодар — Қазақстанның солтүстік-шығысындағы қала (1861 жылдан), өзімен аттас облыс орталығы (1938 жылдан), ірі темір жол станциясы, өзен айлағы және әуе порты. Тұрғыны 304,5 мың адам (2004). Қала Құлынды даласының оңтүстік-батыс шеті саналатын Ертіс өзенінің оң жағасында, теңіз деңгейінен 135 м биіктікте орналасқан. Іргесі 17 ғасырдың аяғында Ертіс өзенінің маңындағы көлдерден тұз өндіруге байланысты қаланған.

Тарих



- 1720 жылы оның негізінде Коряков әскери бекінісі (форпост) салынды.
- 1838 жылы Ямышов қамалынан әскери бөлімнің көшірілуіне байланысты Коряков станциясы салынды.
- 1861 жылы форпост Павлодар деп аталды да, облыстар құрылуына сәйкес Семей облысына қарасты Павлодар уезінің орталығына айналды.
- 1932 жылға дейін округтік қала орталығы болды.
- 1932 – 1938 жылдары Шығыс Қазақстан облысында аудан орталығы болды.

Кеңес өкіметіне дейін Павлодар негізінен ауыл шаруашылығы шикізаттарын өңдейтін, техникамен нашар жабдықталған кішігірім кәсіпорындардан тұратын өнеркәсіп пен сауда орталығы ғана болды. Мәдени-ағарту мекемелерінен небары 6 бастауыш мектеп, 1 қоғамдық кітапхана мен клуб жұмыс істеді.

- Қаланың ірі өнеркәсіп орталығына айналуына 1938 жылы өзімен аттас облыстың құрылуы және 1953 жылы Оңтүстік Сібір темір жол магистралінің салынуы үлкен әсер етті.

Тұрғындары

Тұрғындар саны — 317000 адам (1 қаңтар 2012 ж. бойынша), бірнеше ауылдық аймақтарындағы тұрғындарымен қоса 342 321 адам (1 қаңтар 2012 жылғы санақ бойынша).

Ұлттық құрамы (1 қаңтар 2014 ж. бойынша):

- Орыстар — 158 100 адам. (45,05 %)
- Қазақтар — 150 203 адам. (42,80 %)
- Украиндықтар — 15 750 адам. (4,49 %)
- Немістер — 8 022 адам. (2,29 %)
- Татарлар — 7 158 адам. (2,04 %)
- Белорустар — 2 114 адам. (0,60 %)
- Ингуштер — 1 199 адам. (0,34 %)
- Молдовандар — 729 адам. (0,21 %)
- Әзірбайжандар — 816 адам. (0,23 %)
- Шешендер — 680 адам. (0,19 %)
- Кәрістер — 618 адам. (0,18 %)
- Поляктар — 465 адам. (0,13 %)
- Болгарлар — 350 адам. (0,10 %)
- Чуваштар — 312 адам. (0,09 %)
- Башқұрттар — 364 адам. (0,10 %)
- Басқалары — 5 470 адам. (1,65 %)
- Барлығы — 350 967 адам. (100,00 %)

Павлодар мешіті



Өнеркәсібі

- Павлодардың қазіргі өнеркәсібінің қалыптасуына шетелдік және республикалық маңызы бар машина жасау мен металл өңдеу, түсті металлургия, мұнай өңдеу, химия өнеркәсібі, энергетика, құрылыс материалдары салалары күшті ықпал етуде. Өнеркәсіп кәсіпорындары тиісінше бірнеше акционерлік қоғамдар мен серіктестіктерге біріккен. Электр қуатын өндіру саласында құрамында Екібастұз көміріне негізделген қуатты 3 ЖЭС және ЖЭО жұмыс істейді. Машина жасау мен металл өңдеу саласы трактор, арнаулы құрал-саймандар, кеме және автомобиль жөндеу з-ттарынан, түсті металлургия Торғай бокситі негізінде жұмыс істейтін алюминий з-тынан, мұнай өңдеу өнеркәсібі Омбы қаласынан (Ресей) тартылған ұзындығы 400 км мұнай құбыры негізінде жұмыс істейтін мұнай-химия зауытынан, химия өнеркәсібі 1965 жылдан бастап тұз байланатын көлдер негізінде тыңайтқыштар шығаратын химия зауытынан, құрылыс материалдары өнеркәсібі бірнеше құрылыс басқармалары мен комб-тарынан тұратын “Павлодаржилстрой” тресінен, кірпіш, асфальт-бетон шығаратын кәсіпорындарынан, тамақ өнеркәсібі ет, сүт, ұн-жарма, нан, арақ-шарап, сыра, сусындар және балық кәсіпорындарынан, жеңіл өнеркәсіп саласы екі тігін фабрикасынан және хром з-тынан тұрады. Сырттан әкелінетін шикізат негізінде жиһаз фабрикасы мен картон-рубероид зауыты жұмыс істейді.

ҚазМұнайГаз-дың ғимараты



Өнеркәсібі

- Павлодар – республикадағы темір жол, өзен, автомобиль және әуе жолдары түйіскен ірі жол тораптарының бірі. Ертіс өзені арқылы Семей мен Омбы (Ресей), Өскемен және басқа қалалар арасындағы жүк және жолаушылар тасымалы жүзеге асырылады.
- Павлодар – Алматы және Павлодар – Бішкек жедел поезы 2002 жылдан бастап жүре бастады.
- Павлодар республикадағы мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау мен кадрлар даярлаудың маңызды орталықтарының бірі.

Ж. Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыкалы драма театры



Оқу орындары

Мұнда мемлекеттік 3 жоғарғы оқу орны бар:

- С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
- Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Институт
- Павлодар Инновациялық Еуразиялық Университет
- Қала мен облыс экономикасының көпшілік салаларына орта білікті кәсіптік мамандар даярлау жұмыстарымен 17 кәсіптік-техника мектеп пен 10 колледж айналысады.
- Жалпы білім беретін 43 мектеп бар.
- 6 лицей.
- Мектепке дейінгі бірнеше балалар бақшасы бар.

Павлодарда:

- 5 мәдениет үйі;
- 17 кітапхана (оның ішінде облыстық ғылыми-техникалық кітапхана);
- А.Чехов атындағы облыс драма театры;
- Ж.Аймауытов атындағы музыкалық-драма театры;
- И.Байзақов атындағы филармония;
- Бұқар жырау атындағы әдебиет мұражайы;
- Г.Потанин атындағы тарихи-өлкетану мұражайы;
- М.Ж.Көпеев атындағы облыстық мешіт;
- 5 стадион;
- 6 суда жүзу бассейні жұмыс істейді.
- Қала аумағындағы Ертістің жарлы келген оң жағалауында Еуразиядағы “Қаздар қонысы” (“Гусиный перелет”) деп аталатын гиппарион фаунасының орны сақталған.
- Бұл жерден палеонтологтар гиппарионның, мүйізтұмсықтың, еліктің, жирафтың, семсер тісті жолбарыстың, т.б. аңдардың сүйектерін тапқан.

Денсаулық сақтау мекемелері

- 13 аурухана мен диспансер;
- 4 емхана;
- 3 фельдш.-акушерлік амбулатория бар;
- 9 фельдшерлық пункт;
- 23 отбасылық-дәрігерлік амбулатория бар.

Достық үйі



Орталық стадион



**КӨРГЕНДЕРІҢІЗГЕ
РАХМЕТ!**